			<p>орындау үшін жұмбақ шешейік.</p> <p>Бұйырмапты бас та,</p> <p>Ауыз да, құлақ та,</p> <p>Бақырайған үш көзі бар, бірақ - та,</p> <p>Бұл не екен балалар?</p> <p>Бағдаршам - светофор - traffic light</p> <p>Бағдаршамның неше көзі бар?</p> <p>Бір, екі, үш.</p> <p>Один, два, три.</p> <p>One, two, three.</p> <p>Бағдаршам түстерін атайықшы.</p> <p>Қызыл - сары - жасыл.</p> <p>Красный - желтый - зеленый.</p> <p>Red - yellow - green.</p> <p>Балалар ендеше бағдаршам туралы</p>	<p>3 рет қайталанады)</p> <p>Балалар, көшеде біз тар жолмен, яғни жиек жолмен жүреміз.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Менің көңілді добым</p> <p>Мақсаты: Балаларды доппен таныстыру. Доптың сипаттамасын түсіндіру. Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту.</p> <p>Білімділік: Балалардың дене бітімін дұрыс ұстауға қалыптастыру.</p> <p>Дамытушылық: Спорттық жаттығу орындау барысында зейіндерін және есте</p> <p>сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын толықтыру</p> <p>Тәрбиелік: Ептілік, төзімділік, шапшаңдық сияқты дене сапарын</p>	<p>жеңіске жеткенін анықтау.</p> <p>Рефлексивтік - жинақтаушы</p> <p>III. Ой толғаныс.</p> <p>Тәрбиеші балалардың жұмыстарын бағалап, сайысты қорытындылайды.</p> <p>Аян балаларға әкелген сыйлығын таратады.</p> <p>Балалармен қоштасады</p> <p>Білемін</p> <p>Үйрендім</p> <p>Үйренгім келеді</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Тапсырмаларды ретімен орындап, беске дейін санай біледі.</p> <p>5 дейін санауды, тікбұрыштан шаршыны, шаршыдан үшбұрышты қиып алуды түсінеді.</p> <p>Балалар өз білімдерін ойын кезінде қолдана алады.</p>
--	--	--	---	---	--

			<p>ертегі тыңдайық.</p> <p>Ертеде бір қалада қызыл, сары және жасыл түсті үш көзі бар бағдаршам өмір сүріпті. Бірде осы үш көз қайсымыз ең маңызды екенбіз деп таласқа өзара түседі.</p> <p>- Мен қызылмен, ең маңыздымын. Мені адамдар көрсе алдымда қауіп төніп тұрғанын біледі.</p> <p>- Жоқ, сары ең маңызды менмін. Мен «тоқтаңдар!» «Асықпаңдар!» деген ескерту беремін.</p> <p>- Сендер не деп тұрсыңдар деді жасыл. Жасыл түс ең маңызды. Мен сіздерге қауіпсіздікпен тыныштықты еске саламын. Олардың тартысқа түскені соншалық, сынып жан - жаққа шашылып</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Өтетін орны: спорт алаңы</p> <p>Қажетті құралдар: құрсау, доптар, арқан, белгілер, кубиктер</p> <p>Ұйымдастыру бөлімі: Балалар маршпен саппен алаңға шығып, белгіліенген орынға тұрады.</p> <p>I ұйымдастыру</p> <p>Бастаушы: Жалқаулықты тастаймыз</p> <p>Жаттығуды бастаймыз</p> <p>Қиынсынып қашпаймыз</p> <p>Шынығамыз жастай біз</p> <p>Балалар тәрбиешілермен бірге көңілді әуенмен қимылды жаттығулар жасайды.</p> <p>1. Б. қ тік тұру</p> <p>2. Қол жоғарыға 4 - брет</p>	
--	--	--	---	--	--

			<p>қалады. Ал бағдаршам оларды шақырып өтінді. Достарым, келіндер маған, сендер мен үшін өте маңыздысыңдар. Егер бәріміз бірге болсақ онда, қала жолдарында тәртіп болады.</p> <p>Сергіту жаттығуы.</p> <p>Балалар музыка ырғағымен қимылдар жасайды.</p> <p>Содан кейін бағдаршамдар көзі ажырамастай дос болыпты.</p> <p>Балалар орнына отырады.</p> <p>- Қане балалар, бағдаршамдар елінің тұрғындарына барлық бағдаршамдарды керекті түстерге бояп көмектесейік. (Балалар үстелге отырып, бағдаршамдарды</p>	<p>3. Қолды жанға көтеру</p> <p>4. Б. қ келу</p> <p>Музыка ырғағымен тізені сәл бүгіп, жан - жаққа бұрылу</p> <p>1. 1. Б. қ тік тұру</p> <p>2. Қолды жоғары көтеріп</p> <p>3. Қол соғ</p> <p>4. 4. Б. қ келу</p> <p>Добым менің добым</p> <p>Өзің неткен көңілді едің</p> <p>Зымырайсың, қутыңдайсың</p> <p>Бірақ менен құтылмайсы</p> <p>II Негізгі бөлім</p> <p>- Сәлеметсіңдер ме балалар</p> <p>- Бүгін біз доп әлеміне саяхат жасаймыз</p> <p>- Ал енді біз поездға отырамыз</p>	
--	--	--	--	---	--

			<p>бояды).</p> <p>Бағдаршам туралы көңілді ән қосылады.</p> <p>- Енді айтыңдаршы, бағдаршамның әр белгісі нені білдіреді?</p> <p>Қызыл - тоқта</p> <p>Сары - күт</p> <p>Жасыл - жур</p> <p>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, тыңдаңдар</p> <p>Ала - таяқ ұстаған,</p> <p>Жол тәртібін нұсқаған.</p> <p>Өміріңді күзеткен,</p> <p>Ысқырығы күшті адам. (ГАИ қызметкері)</p> <p>- Балалар бүгінгі біздің оқу іс - әрекетімізге «ГАИ қызметкері» қонаққа келді. Тапсырмасы бар екен. (интерактивті тақтадан</p>	<p>- Ал енді кетік</p> <p>- Бірінші аялдамаға келіп жеттік</p> <p>- Балалар бұл аялдамада «Доптың пішіні»</p> <p>Ауланы да аралап</p> <p>Добым кетті домалап</p> <p>Кәне, тыныш жат, добым</p> <p>Секіремін үстіңнен</p> <p>- Балалар доптың пішін қандай болады?</p> <p>- Дұрыс, домалақ</p> <p>- Доп не істей алады?</p> <p>- допты жерге ұрғылағанда доп секіреді</p> <p>- Ал енді біз доп сияқты секірейік</p> <p>- Жарайсыңдар балалар</p> <p>- Ал енді пойызға отырайық</p> <p>- Келесі аялдама «Доптың</p>	
--	--	--	---	---	--

			<p>суреттер көрсетеді).</p> <p>Суреттен дұрыс және бұрыс суретті табу.</p> <p>Балалар суретке байланысты тақпақтар айтады:</p> <p>Ата - ананың сенімін,</p> <p>Есте ұстап, ақтай біл.</p> <p>Жолдан өтер жаяудың,</p> <p>Ережесін сақтай біл!</p> <p>Қызыл шам жанса жол «жабық»,</p> <p>Сонда болсын ойың бар.</p> <p>Сары шам жанса «дайындал»,</p> <p>Шатылады білмеген.</p> <p>Жасыл жанса «жүр» деген</p> <p>Жол шетінде тұратын,</p> <p>Жол белгіге қараңдар.</p> <p>Гаи қызметкері: міне балалар сендер барлық тапсырманы жақсы</p>	<p>түсі»</p> <p>Ойнағанда добымыз</p> <p>Көңілді болып кетеді</p> <p>Тату болсақ өзіміз</p> <p>Бәрімізге жетеді</p> <p>- Балалар доптың түсі қандай болады?</p> <p>- Дұрыс, сары, қызыл, жасыл, күлгін доп әр түрлі болады</p> <p>- Ал енді, біз доп сияқты домалайық</p> <p>- Жарасыңдар балалар</p> <p>- Келесі аялдама «Допты не үшін қажет?»</p> <p>Спорт - досың әрқашан</p> <p>Керек балабақшадан</p> <p>Доп тебеіміз, күлеміз</p> <p>Спортты біз сүйеміз</p> <p>- Балалар доп не үшін қажет?</p>	
--	--	--	--	---	--

		<p>орындадыңдар. Мен сендерді «бағдаршамдар елінің құрметті тұрғындары» арнайы төс белгісімен марапаттаймын.</p> <p>Гаи қызметкері: Балалар жолда апатқа ұшырамау үшін жаяу жүргінші де, жүргізушілерде жол ережесін сақтау керек. Сақ болыңдар!!!</p> <p>Балалар автобуска отырып, «жол жүргізушілер жырын» айтып, бақшаға оралайық. Сау болыңдар.</p> <p>Міне біздің саяхатымыз аяқталды.</p> <p>Рефлексивтік түзету. Қорытынды сұрақтар қою.</p> <p>- Балалар біз қайда саяхатқа бардық?</p> <p>- Сендерге тапсырмалар ұнады ма?</p>	<p>- Доп ойнау үшін керек</p> <p>- Допты қалай ойнайды?</p> <p>- Лақтырып, жерге ұрғылап, домалатып ойнайды</p> <p>- Ал енді балалар поезге мінейік өз балабақшамызға қайтайық.</p> <p>III Қорытынды</p> <p>- Жарайсыңдар балалар</p> <p>- Балалар біз қандай әлемге саяхат жасадық?</p> <p>- Сендерге саяхат ұнады ма?</p> <p>- Допты жақсы көресіңдер ме?</p> <p>Ал енді осымен саяхатымыз аяқталды.</p> <p>Қош сау болыңдар!!!</p> <p>Спортшы боп сен бүгін</p>	
--	--	---	--	--

			<p>- Жолдан өтерде қайда қарап өтуіміз керек?</p> <p>- Адамдар қандай жолдан өтуге болады?</p> <p>Күтілетін нәтиже.</p> <p>Қайталайды: қызыл - тоқта, сары – күт, жасыл – жур.</p> <p>Түсінеді: жол ережесінде белгіленген суреттердің нені білдіретінін: көше тәртібін бұзудың қайғылы жағдайға ұшырататынын.</p> <p>Қолданады: жолда абай болуды, жан - жаққа зейін қоюды,</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Спорттық ойындар</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)</p> <p>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған</p>	<p>Таза ауада сергітіп</p> <p>Денсаулығы мықтылар</p> <p>Көтереді ел жүгін.</p>	
--	--	--	---	---	--

			<p>лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.</p> <p>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.</p>		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 20				Картотека № 24
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру				

Балалармен жеке жұмыс	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту</p>				<p>«Таңғажайып алақан»</p> <p>Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Қимылды ойын «Итеріспек».</p> <p>Жаттығу ойыны</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>		.		<p>Қимылды ойын</p> <p>«Өз ағашыңды тап».</p> <p>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Балалардың үйге оралуы.</p> <p>Балалардың жетістігі туралы айту.</p>				<p>Үйге тарау.</p> <p>Әдептілік сөздерді үйрету</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Еркіндік ЖББМ

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі 15-19 мамыр 2023жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Қайырлы күн	Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен Әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға (болады), Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады)</p>	<p>Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шандарын сүрту</p>	<p>Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру</p>	<p>Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; егістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жак); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту. Еңбек тапсырмасы:</p>	<p>Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнаымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю</p>
<p>ҰІӨ дайындық</p>	<p>«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.</p>	<p>Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!</p>	<p>«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</p>	<p>«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.</p>	<p>«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар,</p>

<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Буын</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»</p> <p>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.</p> <p>Мысалы: Мақ-та, жапа-лак, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-</p> <p>тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат дейді</p> <p>«Жоғалған әріп» ойыны. Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасындар да допты кері</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Өлеңдерді жатқа,мәнерлеп,интонациямен айту.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды</p> <p>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).</p> <p>Атасы немерелерімен қайда барды?</p> <p>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.</p> <p>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?</p> <p>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?</p> <p>3. Жұмбақты шеш.</p> <p>Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p> <p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаз» (К. Қуатбаев)</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды сенімдікті қалыптастыру.</p> <p>Балалалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.</p> <p>«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны</p> <p>– Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.</p> <p>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстық талдау жаса.</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Бір-бірімен диалог құру.</p> <p>«Құстар – біздің досымыз»</p> <p>Көктемде құстар келеді.</p> <p>Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</p> <p>Құстарға қамқорлық таныту бойынша әңгіме жүргізеді.</p> <p>Атауларындағы –ғ, - б, ш дыбыстарын дұрыс айтады.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Логикалық тапсырмаларды орындау.</p> <p>«Сикырлы дорба» ойыны.</p> <p>«Сикырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.</p> <p>Балалар кезек-кезек екі</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Өлеңді мәнерлеп интонациямен оқу.</p> <p>«Балаларды қорғау күні».</p> <p>ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең жанрын ұндыру, жаттау, қайталау.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Жануарлар әлемі. Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. “Жануарлар әлеміне саяхат” (презентациясымен)</p> <p>Мақсаты:</p> <p>1. Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен</p>
--------------------------------------	--	---	---	--	--

<p>бересіңдер.</p> <p>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і), ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.</p> <p>«Ай мен Күн және Қораз» аңыз әңгімесі. Әңгімені мазмұндау. Диалог алмасу арқылы байланыстырып сөйлеу тіл</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>«Баскетбол»</p> <p>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен</p>	<p>Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах Сауат ашу негіздері Буын «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас,</p>	<p>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.</p> <p>Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.</p> <p>б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</p> <p>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.</p>	<p>қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.</p> <p>Қоршаған орта</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Мынау -Қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете</p>	<p>(үй жануары, жабайы жануарлармен) таныстыру.</p> <p>2. Электронды оқулықты пайдалана отырып, ой өрісін, зейінін дамыту, табиғат туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>3. Табиғи материалдармен жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыру. Қоршаған ортаны сүйеге, мейірімділікке тәрбиелеу. Әдісі Әдістері: Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру Көрнекілігі</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Электронды оқулық ● Жануарлардың жеке топтама суреттері. ● Электронды ойын ● Жануарлар киімі <p>Мотивация – қозғаушы Тәрбиешінің іс - әрекеті Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз.</p>
---	---	---	---	--

<p>ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.</p> <p>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді.</p> <p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)</p> <p>Ән айту: «Біз бақытты баламыз»</p> <p>(К. Қуатбаев)</p> <p>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>«Бақытты балалық шақ»</p> <p>(«Мен бақытты баламын» «Польк</p>	<p>алау</p> <p>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны.</p> <p>Сөз құрастыр.</p> <p>Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны арқылы дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрастыруға үйрету.</p> <p>Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p>Әдіс - тәсілдер: сұрақ - жауап, түсіндіру, көрнекілік, әңгімелеу, түсіндіру.</p> <p>Сөздік жұмыс: көгершін, тоқылдақ, үкі, шағала, торғай.</p> <p>Көрнекіліктер: суреттер, тірек сызбасы, ойыншықтар, құстардың суреттері.</p> <p>Сабақ барысы:</p> <p>Мотивациялық қозғаушы</p> <p>“Шаттық шеңбері”</p> <p>- Әріп дегеніміз не?</p> <p>- Дыбыс дегеніміз не?</p>	<p>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық, жарқыра, жалқау</p> <p>Қоршаған орта</p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Бағдаршам еліне саяхат.</p> <p>Мақсаты: Жаяу жүргіншілердің, жолаушылардың және жүргізушілердің жол ережесін нақты білу керектігі туралы балалардың білімдерін бекіту.</p> <p>Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болу дағдыларын бойларына сіңіру. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.</p>	<p>отырып, күту ережелерімен таныстырады:</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Велосипед, самокат тебу.</p> <p>1. Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.</p> <p>2. Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.</p> <p>3. Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.</p> <p>4. Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.</p> <p>5. Допты артқа лақтыру.</p> <p>Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады.</p> <p>Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып</p>	<p>“Біз аңдарды жақсы көреміз”</p> <p>(жылулық шеңбері)</p> <p>Қоян қорқақ - сәбізді жақсы көреді,</p> <p>Түлкі қу - терісі оның әдемі</p> <p>Аю аңқау - балды жақсы көреді.</p> <p>Қасқыр батыр әрі залым келеді.</p> <p>Тиін жаңғақты шағып жейді.</p> <p>Бұлардың бәріде бізге тимейді.</p> <p>Балалардың іс - әрекеті</p> <p>Балалар бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.</p> <p>Балалар “Біз аңдарды жақсы көреміз” деп хормен және өз қалаулары бойынша жануарлардың ерекшеліктерін айтады</p> <p>Ізденуші - ұйымдастырушы</p> <p>Тәрбиешінің іс - әрекеті</p> <p>Үнтаспадан жануарлар туралы түсінік беру. (көрнекілеу арқылы</p>
--	--	--	--	---

	<p>а» (М. Красев)</p> <p>Билер: «Еркебұлан»</p> <p>(«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Үйшік» (В. Витлин)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>- Әріппен дыбыстың қандай айырмашылығы бар?</p> <p>- Буын дегеніміз не?</p> <p>- Әр буында неше дауысты дыбыс болады?</p> <p>Тапқышбектің тапсырмаларды орындау.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1 тапсырмасы:</p> <p>Ойын: «Жоғалған буын»</p> <p>Шарты: торкөздерге жоқ буындарды тауып жазу.</p> <p>Мы: көгершін, торғай, аққу, тырна, шағала, қарлығаш, тоқылдақ, қарға, үкі.</p> <p>2 тапсырмасы:</p> <p>«Сөйлем құрастыру»</p> <p>Мы: 1. Аспанда шағала ұшып жүр. 2. Ұяда екі жұмыртқа жатыр. 3. Балапан аулада жүгіріп жүр. 4. Орманда тоқылдақтың дауысын естідік.</p> <p>3 тапсырмасы:</p> <p>«Қараторғайдың ұясының суретін сал»</p> <p>4 тапсырмасы:</p> <p>«Жоғалған сөздер»</p>	<p>Алдын ала жұмыс: «жол қозғалыс ережелерін» үйренеміз атты көркем әдебиет оқу.</p> <p>Әдіс - тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап, ойын.</p> <p>Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:</p> <p>Демонстрациялық материалдар, бағдаршам, жолақ жол, автобус макеті, көлік түрлері, жердің, судың, ауаның суреттері, жол белгілері, интерактивті тақта.</p> <p>Сөздік жұмыс: жаяу жол.</p> <p>Билингвильды компонент: Жаяу жүргінші - пешеход, жаяу жол - тротура, бағдаршам - светофор, жол белгілері - дорожные знаки.</p>	<p>біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады</p>	<p>түсінік беру)</p> <p>Жануарлар тірі табиғаттың негізгі бөлігі. Жануарлар екіге бөлінеді: Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Жануарлардың табиғаттағы тіршілігі ерекше әрі қызықты. Олардың адам үшін пайдасы да өте зор. Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады.</p> <p>Жабайы аңдар - табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар. Жабайы жануарлардың түрлері өте көп. (көрнекілік арқылы түсіндіру)</p> <p>Балалардың іс - әрекеті</p> <p>Балалар ұнтаспадан жануарлар түрлерімен танысады.</p>
--	---	--	---	---	---

		<p>ойыны.</p> <p>Шарты: тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді.</p> <p>Мы: Көктем.... Жер....</p> <p>Құстар.... Балалар құстарға.....</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Шаршағанда ырғалып,,</p> <p>Гүлге ұқсап дем алсам.</p> <p>Қанатымды бір қағып,</p> <p>Гүлдей болып жайқалам.</p> <p>5 тапсырмасы:</p> <p>Үзік сызықтарды қос.</p> <p>6 тапсырмасы:</p> <p>Сөзжұмбақты шеш</p> <p>Д/о: «Буындардан сөз құра»</p> <p>Мы: тор - ғай, то – қыл – дақ, ақ – қу, ша – ға – ла.</p> <p>Д/о: «Сөз ойла, көп ойла»</p> <p>Шарты: балаларды 2 топқа бөліп жарыстыру.</p> <p>Көп сөз айтқан топ жеңеді.</p> <p>6 тапсырмасы:</p> <p>«Сөз құрастыр» ойыны</p> <p>Сызбаға сәйкес сұраулы және хабарлы сөйлем құрастыру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті.</p> <p>Мотивациялық қозғаушы.</p> <p>- Сәлеметсіздер ме!</p> <p>Шаттық шеңбері.</p> <p>Жалғайтын достастырып бар елменен,</p> <p>Жолдардан тұрады ғой әлем деген.</p> <p>Бүгінгі бізге келген қонақтарға,</p> <p>Ойынымымызды бастаймыз сәлемменен.</p> <p>- Балалар бүгінгі оқу іс - әрекетімізде мен сіздерді саяхат жасауға шақырамын.</p> <p>- Қане бәріміз автобусқа оттырып, тез жету үшін ән айтайық.</p> <p>Жүргізуші боламыз,</p>		<p>Жануарлардың үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінетінін (оларға қандай жануарлар жатқызылатынын) меңгереді.</p> <p>Жануарлар табиғаттың бір бөлігі екенін білді.</p> <p>- Балалар, енді ЭО - тан "Жануарлар әлемі" туралы тыңдап көрейік.</p> <p>- “Балаларын ата?”</p> <p>- Мақсаты: Үй және жабайы аңдарды бір - бірінен ажыратуға үйрету;</p> <p>- Шарты:</p> <p>- Допты лақтыру арқылы жануарлардың баласының атын атаймыз.</p> <p>- Қоян -</p> <p>- Қасқыр -</p> <p>- Аю -</p> <p>- Жылқы -</p> <p>- Сиыр,</p> <p>- Қой -</p> <p>Балалар допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын</p>
--	--	---	---	--	---

		<p>Айналасындағылармен диалог құру.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізу.</p> <p>Мақал-мәтел:</p> <p>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).</p> <p>Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.</p> <p>«Қ» – қала, аққала, сандық.</p> <p>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p> <p>Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.</p>	<p>Шырқап әнге саламыз.</p> <p>Сақтықпенен жәйменен, Автобусты айдаймыз.</p> <p>Басқышты біз басамыз,</p> <p>Асулардан асамыз.</p> <p>Ережені сақтаймыз,</p> <p>Аялдамад тоқтаймыз.</p> <p>Бағдаршамда сақтықпен,</p> <p>Жасыл жанса айдаймыз.</p> <p>Сары жанса дайындалып,</p> <p>Қызыл жанса тоқтаймыз.</p> <p>Балалар міне «Бағдаршамдар еліне» келдік. Бұл барлық адамдармен қатар балалардың жол қозғалыс ережелерін біліп, оны күнделікті қолдану елі. Жол қозғалыс ережесі кімдерге қажет?</p>		<p>атайды.</p> <p>Қоянның баласы - көжек,</p> <p>Қасқырдың баласы - бөлтірік,</p> <p>Аюдың баласы - қонжық</p> <p>Жылқының баласы - құлын</p> <p>Сиырдың баласы - бұзау</p> <p>Қойдың баласы - қозы</p> <p>“Электронды ойын мен жұмыс жасау”</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Жануарларды атап, дыбыстарын бір - бірінен ажыратуға үйрету.</p> <p>- Балалар, қоян, кірпі, тиын, қасқыр, аю қайда мекендейді?</p> <p>- Жабайы жануарлардың үй жануарларынан қандай айырмашылығы бар?</p> <p>Аңдар бір - біріне ұқсайды ма?</p> <p>Қасқыр қайда?</p> <p>Аю қайда?</p> <p>Түлкі қайда?</p> <p>Қоян қайда?</p> <p>- Балалар аю қалай дыбыстайды?</p> <p>(қимылмен жүрісін салып, көрсетейікші?)</p>
--	--	---	--	--	---

			<p>(Адамдарға керек).</p> <p>- Неліктен бағдаршамда жол оқиғалары болмайды?</p> <p>- Олар жол қозғалыс ережелерін сақтайды.</p> <p>Осы елдің құрметті тұрғыны болу үшін бірнеше қиын тапсырмаларды орындауға тура келеді.</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>1. «Көлік түрлерін ажырат»</p> <p>а) осы көлік түрлерін ажыратып, оны атап, қайда жүретінін айту.</p> <p>ә) бұл суретте қандай көлік түрлері жетіспейді?</p> <p>Мына суретте ертегі кейіпкерлері қандай көлік түрлерімен жүрген?</p> <p>- Жарайсындар балалар</p>		<p>Балалар электронды ойынмен жұмыс жасайды. Жабайы жануарлар орманда мекендейтінін балалар меңгереді. Электронды ойыннан жануарларды тауып, қимылын, дыбысын салып көрсетеді.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Ормандағы аю, қонжық, ұялардан бал іздеді. Мойындарын оңға бұрды, мойындарын солға бұрды, Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді. Оңға бір, солға бір, ағаштарды байқап көрді. Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді. Оңға бір, солға бір, қуанғаннан билей берді Сергіту жаттығуын орындайды. Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді. Мойындарын оңға, солға бұрады. Орман ішін аралап,</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>алғашқы тарсыманы сәтті орындадыңдар. Енді әрі қарай жүру үшін өткінші жолды өту керек. Балалар жолдың қай жерінен өтуге болады?</p> <p>- Жаяу жүргіншілер өтетін жолдан жүруге болады.</p> <p>- Мен ешқандай жаяу жүргіншілер жолын көріп тұрған жоқпын, оны өзіміз жасап алайықшы.</p> <p>- Кім біледі? Жаяу жүргіншілер жолын қалай ажыратуға болады?</p> <p>- Ақ жолақ.</p> <p>Балалар ақ жолақтарды алып, ала жол жасайды. Бұл жерде жаяу жүргіншілердің жолы бар екендігін білу үшін белгі орнатамыз.</p> <p>Бұл жерде көптеген</p>		<p>ағаштарды шайқайды. Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді. «Жануарлар әлемінде» (табиғи материалдармен жұмыс)</p> <p>Мақсаты: қол еңбегін дамыту.</p> <p>Шарты:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр топқа тапсырмаларды бөліп беру; • Қажет заттармен таныстыру; • Электронды ойыннан үлгі көрсету; • Тапсырманы орындауға уақыт беру; <p>Қажет заттар: ақ қағазға салынған жанарлар суреті, мақта, түйенің түбіті, желім.</p> <p>I - топ Қоян</p> <p>II - топ Түйе</p> <p>Әр топ өздеріне берілген тапсырманы орындау үшін, қажетті заттармен танысады, электронды ойыннан үлгіні көріп алады, кейін тапсырмаларын орындауға кіріседі</p>
--	--	--	--	--

			<p>белгілер бар, маған керектісін таңдауға көмектесіңдер!</p> <p>2 - тапсырма «Керекті белгіні таңда!»</p> <p>Белгілерді көрсету, балалар оларды атайды, керегін таңдайды.</p> <p>Енді міне алға батылдықпен жүруге болады.</p> <p>Келесі тапсырманы орындау үшін жұмбақ шешейік.</p> <p>Бұйырмапты бас та,</p> <p>Ауыз да, құлақ та,</p> <p>Бақырайған үш көзі бар, бірақ - та,</p> <p>Бұл не екен балалар?</p> <p>Бағдаршам - светофор - traffic light</p> <p>Бағдаршамның неше көзі бар?</p>		<p>Рефлексивті - коррекциялаушы Қортындылау.</p> <p>Балалар бүгін жануарлар туралы не білгенімізді электронды оқулық арқылы тексеріп көрейікші?</p> <p>- Электронды оқулығымыз арқылы 1 Үй жануарларын тауып көрсетіп, дыбысталуын салып көрсетейікші?</p> <p>2. Жабайы жануарларды топтастырып көрсетіп, дыбысталуын салып көрейік?</p> <p>Бағалау.</p> <p>- Жарайсыңдар балалар! Бүгін сендер үй жануарлар мен жабайы жануарларды жақсы ажырата білетіндеріңді көрсете білдіңдер. Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау. (жануарлардың түрлі - түсті суреттері таратылды</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>Бір, екі, үш.</p> <p>Один, два, три.</p> <p>One, two, three.</p> <p>Бағдаршам түстерін атайықшы.</p> <p>Қызыл - сары - жасыл.</p> <p>Красный - желтый - зеленый.</p> <p>Red - yellow - green.</p> <p>Балалар ендеше бағдаршам туралы ертегі тыңдайық.</p> <p>Ертеде бір қалада қызыл, сары және жасыл түсті үш көзі бар бағдаршам өмір сүріпті. Бірде осы үш көз қайсымыз ең маңызды екенбіз деп таласқа өзара түседі.</p> <p>- Мен қызылмен, ең маңыздымын. Мені адамдар көрсе алдымда қауіп төніп тұрғанын біледі.</p>		<p>Балалар электронды оқулықтағы жануарлардың суреттері арқылы жабайы жануарларды тауып, оқулық тетіктерін басып, дыбысталуын қайталайды.</p> <p>Математика негіздері Логикалық тапсырмалар. «Жылдам ойлан!» логикалық тапсырмалар. Мақсаты: сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін тұрақтандыру. Қажетті құралдар: сызба карточкалар, сандар, «Коломбовое яицо», «Игровизор» Іс-әрекет кезеңі Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті Мотивциялық қозғаушылық «Көңілді</p>
--	--	---	--	--

		<p>- Жоқ, сары ең маңызды менмін. Мен «тоқтандар!» «Асықпандар!» деген ескерту беремін.</p> <p>- Сендер не деп тұрсындар деді жасыл. Жасыл түс ең маңызды. Мен сіздерге қауіпсіздікпен тыныштықты еске саламын. Олардың тартысқа түскені соншалық, сынып жан - жаққа шашылып қалады. Ал бағдаршам оларды шақырып өтінді. Достарым, келіндер маған, сендер мен үшін өте маңыздысындар. Егер бәріміз бірге болсақ онда, қала жолдарында тәртіп болады.</p> <p>Сергіту жаттығуы.</p> <p>Балалар музыка ырғағымен қимылдар жасайды.</p> <p>Содан кейін</p>		<p>санамақтар» бірге айтамыз.</p> <p>Көңілді санамақта бізге «Карлсонды» шақырып берді</p> <p>-шартты қабылдайды</p> <p>-тырысады</p> <p>-санамақты айтады.</p> <p>Ұйымдастырушы-лық ізденіс Карлсон қонаққа ұшып келеді</p> <p>д/о: Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта</p> <p>Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын — қысқалығын анықтау.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>Айгүл үйге қай жол арқылы үйіне жетеді?сызба арқылы орындау</p> <p>2-тапсырма: «Сан қатары»</p> <p>үлестірмелі сандарды ретімен қояды. 0.... 2.... 4..... 1..... 3..... 5 5.... 3.... 1..... 4.... 2..... 0</p> <p>3-тапсырма:Логикалық есеп</p> <p>1.Суретші қорабынан 6 бояу алғаннан кейін, 4</p>
--	--	--	--	--

			<p>бағдаршамдар көзі ажырамастай дос болыпты.</p> <p>Балалар орнына отырады.</p> <p>- Қане балалар, бағдаршамдар елінің тұрғындарына барлық бағдаршамдарды керекті түстерге бояп көмектесейік. (Балалар үстелге отырып, бағдаршамдарды бояды).</p> <p>Бағдаршам туралы көңілді ән қосылады.</p> <p>- Енді айтындаршы, бағдаршамның әр белгісі нені білдіреді?</p> <p>Қызыл - тоқта</p> <p>Сары - күт</p> <p>Жасыл - жүр</p> <p>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, тыңдаңдар</p>		<p>бояу қалды. Суретшіде қанша бояу болды?</p> <p>2.Қоян көжектеріне 4 сәбіз бергеннен кейін, тағы 3 сәбіз қалды. Қоянда қанша сәбіз болды?</p> <p>3.Себеттен 5 алма алғаннан кейін, онда тағы 5 алма қалды.Себетте қанша алма болды?</p> <p>4.Карлсон 6 тәтті нан жегеннен кейін,4 тәтті нан қалды. Қарлсонда неше тәтті нан болды?</p> <p>5. Айдана 5 гүлге су құйғаннан кейін 2 гүлге су құйюқа үлгерген жоқ. Айдананың гүлзарында қанша гүл өсіп тұрды?</p> <p>4-тапсырма</p> <p>сызба карточкамен жұмыс</p> <p>1)Піл аюдан кіші,ал аю қояннан кіші,қандай ойыншық барлығынан үлкен?Боя.</p> <p>2) Құрбақа бегемоттан қысқа,бірақ есектен үлкен. Қандай ойыншық барлығынан қысқа? Боя.</p> <p>3) Жираф сайқымазақтан</p>
--	--	--	---	--	--

			<p>Ала - таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (ГАИ қызметкері)</p> <p>- Балалар бүгінгі біздің оқу іс - әрекетімізге «ГАИ қызметкері» қонаққа келді. Тапсырмасы бар екен. (интерактивті тақтадан суреттер көрсетеді).</p> <p>Суреттен дұрыс және бұрыс суретті табу. Балалар суретке байланысты тақпақтар айтады:</p> <p>Ата - ананың сенімін, Есте ұстап, ақтай біл. Жолдан өтер жаяудың, Ережесін сақтай біл! Қызыл шам жанса жол «жабық»,</p>	<p>қысқа,бірақ зебрадан ұзын. Бәрінен ұзыны не? «Коломбовое яйцо» ойыны Карлсон, сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындап бердіңдер,рахмет! - қуанады -шартты қабылдайды, -ойланады, -жасауға тырысады, -қарындаштар ұзын, -таяқша қысқа,т.б. -шартын қабылдайды, -ойланады, — Айгүлді сызба арқылы үйіне жеткізеді. -шартты қабылдайды, -сандардың қатарына қарайды, -ойланады, -орындайды. -0,1,2,3,4,5 -шартты қабылдайды, -ойланады, -үлестірмелі карточкалар мен есепті орындайды -10 бояу болды. -7сәбіз болды -себетте 10 алма болды. -10 тәтті нан болды.</p>
--	--	--	--	--

		<p>Сонда болсын ойың бар.</p> <p>Сары шам жанса «дайындал»,</p> <p>Шатылады білмеген.</p> <p>Жасыл жанса «жүр» деген</p> <p>Жол шетінде тұратын,</p> <p>Жол белгіге қараңдар.</p> <p>Гаи қызметкері: міне балалар сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар. Мен сендерді «бағдаршамдар елінің құрметті тұрғындары» арнайы төс белгісімен марапаттаймын.</p> <p>Гаи қызметкері: Балалар жолда апатқа ұшырамау үшін жаяу жүргінші де, жүргізушілерде жол ережесін сақтау керек. Сақ болыңдар!!!</p> <p>Балалар автобуска отырып, «жол жүргізушілер жырын»</p>		<p>-гүлзарда жеті гүл өсіп тұр</p> <p>-шартты қабылдайды, -ойланады, -сызба арқылы көрсетеді. -ең үлкен ойыншық піл (бояйды) -ең қысқа ойыншық есек, бояйды. -ең ұзыны сайқымазақ бояйды.</p> <p>Рефлексстік түзету Кім қонаққа келді? Карлсон қайда тұрады? Карлсон қалай ұшады көрсетіндер? -ойланады, -тырысады, -жауап береді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ұғынады: сандар цифрларды, реттімен санай алады, Түсінеді: заттың ұзын – қысқа, жуан-жіңішкелігін анықтай біледі; Қолданады:логикалық тапсырмалар, «Игровизор», «Колomboвое яйцо» ойыны модульдарын қолдана біледі. «Кім тез табады?» ойыны</p>
--	--	--	--	---

		<p>айтып, бақшаға оралайық. Сау болыңдар.</p> <p>Міне біздің саяхатымыз аяқталды.</p> <p>Рефлексивтік түзету. Қорытынды сұрақтар қою.</p> <p>- Балалар біз қайда саяхатқа бардық?</p> <p>- Сендерге тапсырмалар ұнады ма?</p> <p>- Жолдан өтерде қайда қарап өтуіміз керек?</p> <p>- Адамдар қандай жолдан өтуге болады?</p> <p>Күтілетін нәтиже.</p> <p>Қайталайды: қызыл - тоқта, сары – күт, жасыл – жур.</p> <p>Түсінеді: жол ережесінде белгіленген суреттердің нені білдіретінін: көше тәртібін бұзудың</p>		<p>Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды</p> <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</p> <p>Құрастыру Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру.</p>
--	--	---	--	--

		<p>қайғылы жағдайға ұшырататынын.</p> <p>Қолданады: жолда абай болуды, жан - жаққа зейін қоюды,</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Спорттық ойындар</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)</p> <p>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.</p> <p>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр</p>		
--	--	---	--	--

			ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 48	Картотека № 44	Картотека № 55	Картотека № 57	Картотека № 51
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру				
Балалармен жеке жұмыс	«Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемні Жаттау	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі жаттату	түстерді атап айту. Ляйсанға	жапырақтың түстерін ажыраттыру. Мариямға	Дөңгелек пішіндер салғызу. Мариямға

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны:</p> <p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p> <p>Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</p>	<p>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».</p> <p>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».</p> <p>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p>	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</p> <p>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</p>	<p>Қимылды ойын «Аққу-қаздар».</p> <p>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.</p> <p>Жаттығу ойыны</p> <p>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.</p> <p>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p> <p>Мақал-мәтел:</p> <p>Жері байдың-елі бай.</p> <p>Қара жерге де, қамқорлық керек.</p>	<p>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</p> <p>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.</p> <p>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалардың тарауы.</p> <p>Ата-аналармен жеке әңгімелесу, кеңес беру.</p>	<p>Балалардың үйге қайтуы. Мектептегі ережелер туралы кеңес беру.</p>	<p>Үйге қайту. Мектеп формасын қадағалау.</p>	<p>Балалардың үйге оралуы.</p> <p>Балалардың жетістігін айту.</p>	<p>Үйге тарау.</p> <p>Әдептілік сөздерді үйрету</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Еркіндік ЖББМ

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 мамыр 2023жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды Қабылдау	Қайырлы күн!	Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен Әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту

			көретініңізді сездіріңіз.		
